ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ
Әйтеке би ауданының қоғамдық-саяси газеті
№8 (2161)
17 ақпан 2021 жыл
сәрсенбі
zhanalyk_zharshysy@mail.ru

# ПАНДЕМИЯ ҚИЫНДЫҒЫНА ҚАРАМАЙ, КӨП ЖҰМЫСТАР ЖАСАЛДЫ

**Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің тұрғындармен есептік кездесуі өтті. Есеп беру кезінде өңірдің 2020 жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижесі баяндалып, биылғы жылдың міндеттері белгіленді. Шектеу шараларына байланысты кездесу онлайн түрде өтті. Оңдасын Оразалин пандемияның өңір экономикасына әсерін тигізгенін атап өтті.**

«Экономиканың күрт төмендеуіне жол бермейтін және оны кейін қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылданды. Жыл соңына қарай жағдайды тұрақтандыра алдық. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады: өңірдегі өнеркәсіптік кәсіпорындар 1,8 трлн. теңгеге өнім өндіріп, өңдеуші сектор өндірісінің көлемі 103,9%-ға дейін өскені байқалады»,-деп атап өтті облыс әкімі.

Басым бағыттардың бірі инвестиция тарту болып табылады. Былтыр 646,8 млрд. теңге инвестиция тартылды. Өсім соның ішінде 138,3 млрд. теңгеге 23 ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру есебінен қамтамасыз етілген.

Биыл облыс басшылығы алдарына 800 млрд теңге тарту міндетін қойып отыр: мұнай қалдықтарын қайта өңдейтін зауыттың, диализатор шығаратын кәсіпорынның, мобильді бұрғылау қондырғыларының және т.б. құрылысы жоспарлануда. Бұл жобалардың тек экономикалық жағынан ғана емес, экологиялық және әлеуметтік жағынан да маңызы бар. «ЭкоТехПрогресс» ЖШС-нің «Мұнай қалдықтарын қайта өңдейтін зауыттың құрылысы» жобасы жүзеге асырылса жылына 500 мың тоннаға дейін мұнай қалдығын кәдеге жаратуға және өңдеуге мүмкіндік береді. «Global Service Company XXI» ЖШС-нің диализатор шығару бойынша жобасы ТМД елдерінің аумағында баламасы жоқ медицина өнеркәсібі саласындағы мүлдем жаңа кәсіпорынның құрылуына ықпал етеді.

Инвестиция ағынын көбейту мақсатында «GOSB» түрік инвесторымен бірге индустриалды аймақ жасау жұмыстары жүргізілуде. Ірі жобаны жүзеге асыру жақын жылдары қосымша 600 млрд. теңгеден астам инвестиция тартуға, кемінде 15 мың жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

aleketi_akimat Шағын және орта бизнес саласында да оң нәтижелерге қол жетті: жұмыс жасап тұрған субъектілер саны 61,8 мыңға бірлікке жетті, 154,7 мың адам ШОБ-пен айналысып отыр, 782,5 млрд. теңгеге өнім өндірілді.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 600 ШОБ субъектісі, «Еңбек» бағдарламасымен 4,7 млрд. теңгеге 953 жоба мемлекеттік қолдау алды.

Ақтөбе облысы «Қарапайым заттар» экономикасы бағдарламасы бойынша мақұлданған жобалардың саны жағынан Қазақстандағы көш басында тұрған бестіктердің қатарында. 2020 жылы 38,9 млрд. теңгеге 122 жоба мақұлданған.

Ақтөбе облысының елді мекендерін ауыз сумен жабдықтау және газ құбырын тарту жұмыстары жалғасады.

Биыл Ақтөбе облысының 10 елді мекеніне ауыз су құбыры, 8 елді мекеніне газ құбыры тартылады. Бұл туралы облыс әкімі Оңдасын Оразалин тұрғындар алдындағы есеп беру кездесуінде мәлімдеді деп хабарлайды Egemen.kz.



Өткен жылы орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету бойынша 12 жоба іске асырылса, биыл 5,8 мың тұрғыны бар 10 елді мекенге сапалы су жеткізіледі. Осылайша жыл соңына дейін 900 мың тұрғыны бар өңір халқын сумен қамту жоспары 96,9%-ға дейін жеткізіледі.

Соңғы жылдары облыс орталығы төңірегінде орналасқан елді мекен тұрғындары жаз кезінде су тапшылығын сезініп жүр. Бұл мәселеде жұртшылықтың талап-тілектерін ескере отырып, қала іргесіндегі жерасты су көздері шоғырланған Елек және Құндақтыбұр тоғанын қайта қалпына келтіруді, сондай-ақ Сарыбұлақ пен Моисеев кен орындарындағы жерасты суларын іздеу-барлау жұмыстары жалғасуда. Жерасты су көздері бұрғыланып, құбыр тартылса, Ақтөбе қаласының тұрғындарын алдағы 40 жылға дейін ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деген болжам жасалынды.

Сондай-ақ өткен жылы 13 елді мекенге газ тартылса, биыл 8 ауыл тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз ету жоспарға енгізілді. Олардың қатарында Жұрын, Қарақол, Әлімбет, Құмқұдық, Күтіқол, Ащысай, Қаратаусай, Байтұрасай, Аманкөл, Жарма елді мекендері бар. Қазір ең бірінші кезекте 5 елді мекенге жүргізілетін құбыр жұмыстарына 10 миллиард теңге бөлініп, оның техникалық-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр. Жұмыстар жоспарланған мерзімде іске асырылса, жыл соңына қарай Ақтөбе облысының 315 елді мекенінің 128-сы көгілдір отынмен қамтамасыз етіледі. Айта кету керек, қазіргі кезде Ақтөбе облысы аумағындағы газ құбырларының жалпы ұзындығы 6 мың 720 шақырымды құрайды.

Облыс әкімінің баяндамасында біздің өңірге де қатысты іске асырылар жобалар айтылды.

шеберлігі, жаңартылған білім беру технологияларын дамытудағы шығармашылық табыстары үшін 30 ұстазға аудандық білім бөлімі мен кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотала-

Ұлағатты ұстаздардың еңбектеріне алғысымызды білдіреміз.

**З.БЕКЕТОВ,**
**аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы.**

# У НАС ВЫСОКИЕ ПОЗИЦИИ В МИРОВОМ РЕЙТИНГЕ

**КазНУ им. аль-Фараби – это ведущий национальный университет Казахстана. В январе текущего года вузу исполнилось 87 лет, что позволяет продемонстрировать уровень его международной конкурентоспособности, соответствие требованиям современной отечественной и глобальной экономики. На сегодняшний день КазНУ занимает лидирующие позиции не только среди вузов РК и СНГ, но и в международных рейтингах.**

Как подчеркивается в аналитическом отчете QS, в этом году КазНУ им. аль-Фараби, поднявшись на 42 позиции, занял 165 место в глобальном рейтинге и «стал первым казахстанским вузом, прорвавшимся в топ-200 лучших университетов мира». На постсоветском пространстве только два университета вошли в эту группу – МГУ им. Ломоносова и КазНУ им. аль-Фараби.

Демонстрируя небывалую ранее в истории высшего образования мира стремительную динамику, за 9 лет вуз продвинулся почти на 500 позиций вперед. Такое продвижение в мировом рейтинге за короткий промежуток времени приковало внимание зарубежных экспертов, именующих уникальный прорыв «феноменом КазНУ им. аль-Фараби». В международной академической среде это активно обсуждают как наиболее яркий пример динамичного развития вуза, многие представители зарубежных университетов перенимают положительный опыт КазНУ им. аль-Фараби.

За высокой позицией в мировом рейтинге стоит огромная работа коллектива университета по повышению глобальной конкурентоспособности, качества образования, коммерциализации научных разработок, исследований цифровой технологии и других новейших направлений естественно-научных и гуманитарных наук КазНУ им. аль-Фараби. Была проведена комплексная структурная модернизация на основе кластерного подхода и внедрена система управления, ориентированного на результат, которые способствовали переходу к принципиально новому качеству образования и науки.

КазНУ имени аль-Фараби – лидер Генерального рейтинга вузов Казахстана, первый в истории страны лауреат премии Президента Республики Казахстан «За достижения в области качества», дипломант Премии Содружества Независимых Государств за достижения в области качества продукции и услуг.

Мы считаем главными имиджевыми характеристиками: престижность, качество образования, международный уровень подготовки преподавателей, активную и интересную студенческую жизнь. И уверены в том, что выпускники КазНУ имеют высокую конкурентоспособность на рынке трудоустройства. Это доказывает практика. Если посмотреть список выпускников университета, то обнаружим множество высокопоставленных лиц, элиту казахстанского общества. Это – министры, депутаты, акимы разных уровней, ректоры большинства университетов Казахстана, руководители крупных промышленных предприятий и банков, как в нашей стране, так и за рубежом.

**Э.АБСУЛТАНОВА,**
**студентка 4 курса спец. «ГиМУ»**
*(руководитель – Е.Б.Жатканбаев, д.э.н, профессор кафедры менеджмент).*

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қа-